

Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

21.12.2023 жыл
Сағ: 10.00

№9

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелері.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 10 (он) мүшесі қатысып отыр. Қалған 5 (бес) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

1. *Бейнеу аудандық мәслихатының «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімінің жобасын талқылау.*
2. *«Бейнеу аудандық мәслихатының «2024-2026 жылдарға арналған Бейнеу, Боранқұл, Ақжігіт, Сарға, Сыңғырлау, Есет, Төлеп, Тұрыш, Тәжсен ауылдарының және Сам ауылдық округінің бюджеті туралы» шешімдерінің жобаларын талқылау.*

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аталған шешімдердің жобалары электронды пошталарыңызға жіберілді. Осы аталған шешімдердің жобаларына байланысты ұсыныстар мен пікірлер жоқ болса келісемін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аталған шешімдердің жобалары келісілді.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 20 бабының 2 тармағына сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмейтінін, сонымен қатар нормативтік құқықтық акт түрінде қабылдауы тиіс екендігі жөнінде Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы О.Амалбаевқа хабарлансын.

2. Хатты жолдау Қоғамдық кеңес хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова